| KYRGYZSTAN | 00-800-500-55-500 (GSM: 9977)   | <a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>             |
| GEORGIA    | 0-800-555-555                   | <a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>             |
| ARMENIA    | 0-800-05-555                    | <a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>             |
| AZERBAIJAN | 0-88-555-55-55                  | <a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>             |

Подлежит использованию по назначению в нормальных условиях Срок службы : 7 лет

# Шаңсорғыш

---

## Пайдаланушы нұсқаулығы

VS15T70\*\*\*\* Series / VS20T75\*\*\*\* Сериялары

---

- Бұл құрылғыны іске қосар алдында, нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.
- Тек үй ішінде қолдануға арналған



**SAMSUNG**

# Мазмұны

---

## ДАЙЫНДЫҚ

Қауіпсіздік туралы ақпарат

## ОРНАТУ

Бөлшектердің атаулары

Қажет-құралдар

Қабырғалық аспа құралды орнату

Қабырғалық аспа құралды құрастыру

Қабырғалық аспа құралды орнату

## ЖҰМЫС ІСТЕУ

Шаңсорғышты пайдалану

Қабырғалық аспа құралды қолдану

Батареяны зарядтау

Шаңсорғышты пайдалану

Қажет-құралдар пайдалану

## КҮТІП ҰСТАУ

|    |                                         |    |
|----|-----------------------------------------|----|
| 3  | Шаңсорғышқа күтім көрсету               | 22 |
|    | Шаң жинайтын сауытты босатқан кезде     | 22 |
|    | Шаң сауытының шаңын бұрқыратпай тазалау | 22 |
|    | Шаң сауытын босату және тазалау         | 22 |
| 13 | Сүзгіні тазалау                         | 24 |
| 14 | Қажет-құралдарды тазалау                | 24 |

## ҚОСЫМША

|    |                            |    |
|----|----------------------------|----|
| 15 | Ескертпелер мен ескертулер | 26 |
|    | Батареяны пайдалану        | 26 |
|    | Пайдалану                  | 27 |
| 16 | Қызмет көрсету             | 29 |
| 16 | Ақаулықты түзету           | 30 |

# Қауіпсіздік туралы ақпарат

---

- Құрылғыны іске қосар алдында, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, кейін шолу үшін сақтап қойыңыз.
- Себебі төменде көрсетілген құрылғыны пайдалану нұсқауларында әр түрлі үлгілер қамтылғандықтан, сіздің шаңсорғышыңыздың техникалық сипаттамасы, осы нұсқаулықта көрсетілген құрылғылардан сәл өзгеше болуы мүмкін.

## Нұсқаулықта қолданылған Абайлаңыз/Ескерту белгілері

---

### ЕСКЕРТУ

Өлім қатері немесе ауыр жарақат алу қаупі барын көрсетеді.

### АБАЙЛАҢЫЗ

Адам жарақат алуы немесе мүлікке зиян келуі мүмкін екенін ескертеді.

## Басқа қолданылған белгілер

---

### ЕСКЕРТПЕ

Келесі мәтінде маңызды қосымша ақпарат барын көрсетеді.

Осы талаптар орындалмаса, шаңсорғыштың ішкі бөлшектеріне зақым келіп, кепілдік заңды күшінен айырылуы мүмкін.

### Жалпылама ақпарат

- Нұсқаулардың барлығын мұқият оқып шығыңыз. Шаңсорғышты тоққа қосар алдында электр желісіндегі кернеудің шаңсорғыштың артқы жағындағы техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген мәнге сай келетініне көз жеткізіңіз (батарея контактысының тұсындағы).
- ЕСКЕРТУ: Шаңсорғышты дымқыл төсеніш немесе еден үстінде пайдалануға болмайды.
- Балалар кез келген құрылғыны қолданса немесе құрылғылардың қасында жүрсе, оларға мұқият назар аудару керек. Шаңсорғышты ойыншық ретінде қолдануға рұқсат бермеңіз. Шаңсорғышты ешқашан қараусыз іске қосып қоюға болмайды. Шаңсорғышты нұсқауларда көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз.
- Шаңсорғышты шаң жинайтын сауытсыз қолдануға болмайды.
- Шаңсорғыш барынша тиімді жұмыс жасау үшін оның шаң сауытын толмай тұрып ауыстырыңыз.
- Шаңсорғышты сіріңкені, ыстық күлді немесе темекі тұқылын тазалау үшін қолданбаңыз. Шаңсорғышты пештен және басқа қызу көздерінен алыс ұстаңыз. Қызудың әсерінен құрылғының пластик бөліктерінің түсуі оңуы немесе пішіні бұзылуы мүмкін.
- Қатты, өткір заттарды шаңсорғышпен тазаламаңыз, себебі бұлар шаңсорғыштың бөлшектеріне нұқсан келтіруі мүмкін.
- Ауа соратын немесе шығаратын саңылауларын бітемеңіз.

- Құрылғыға нұқсан келтірмеу үшін оны сымынан тартпай, ашасынан ұстап суырыңыз.
- Бұл құрылғы кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) қолдануға арналмаған. Олар осы құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалар үлкендердің қадағалауынсыз шаңсорғышпен тазалауға немесе оны жөндеуге тиіс емес.
- Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек.
- Шаңсорғышты тазалау немесе жөндеу алдында оның негізгі корпусындағы батареяны алу керек.
- Ұзартқыш сымды қолдану ұсынылмайды.
- Шаңсорғыш дұрыс жұмыс істемей тұрса, тоқтан ажыратып, Samsung уәкілетті қызмет көрсету маманына хабарласыңыз.
- Қорек сымы бүлініп қалса, электр қатері орын алмас үшін оны өндіруші немесе өндірушінің уәкілетті агенті немесе білікті адам ауыстыруға тиіс.
- Суды сорғызып алу үшін пайдаланбаңыз.
- Тазалау үшін суға батырмаңыз.
- Егер ауыстыру қажет болса Samsung немесе Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Қабырғалық аспа құрал

- Полюстары бар ашаны, полюстары жоқ розеткаға немесе ұзартқышқа жалғау үшін өзгертпеңіз.
- Далада немесе дымқыл жерге қойып пайдаланбаңыз.
- Қолданбаған кезде және күтім көрсетер алдында қабырғалық аспа құралды розеткадан суырыңыз.
- Қайта зарядтау үшін тек өндірушіден келген қабырғалық аспа құралды ғана қолданыңыз.
- Зақым келген қуат сымын немесе ашаны қолданбаңыз.
- Сымынан тартып жылжытпаңыз, сымды тұтқаның орнына қолданбаңыз, есікті жапқанда сымды астына қалдырмаңыз, немесе сымды өткір жиектер мен бұрыштарға тигізіп тартпаңыз. Сымды заттың қызып тұрған беттерінен алыс ұстаңыз.
- Атаулы тоғы сай келмейтін ұзартқыш сымдарды немесе розеткаларды пайдаланбаңыз.
- Зарядталмайтын батареяны қайта зарядтауға болмайды.
- Тоқтан ажыратқанда сымынан тартпаңыз. Сымынан тартпай, ашасын мықтап ұстап суырыңыз.
- Батареяларды бұзбаңыз немесе тұтатпаңыз, себебі жоғары температурда жарылып кетуі мүмкін.
- Қабырғалық аспа құралды ашуға әрекеттенбеңіз. Жөндеу жұмыстарын тек Samsung қызмет көрсету орталығы ғана жүзеге асыруға тиіс.
- Қабырғалық аспа құралға жоғары температураның, сыз не ылғалдың әсер етуіне жол бермеңіз.

## Шаңсорғыш

- Шыны, шеге, бұранда, тиын және т.с.с. қатты не өткір заттарды сорғызбаңыз.
- Сүзгісін орнына салмай қолданбаңыз. Құрылғыға қызмет көрсету барысында, егер ол кенет қосылып кетсе, саусағыңызды немесе басқа заттарды ешқашан желдеткіш камераға салмаңыз.
- Саңылауларға ешбір бөгде заттарды салмаңыз. Саңылаулары бітеліп тұрған құрылғыны пайдалануға болмайды. Саңылауларды шаң, қыл-қыбыр, шаш және ауа айналымын шектейтен кез келген заттан таза ұстаңыз.
- Улы заттарды (хлорлы ағартқыш, аммиак, құрғақ тазалағыш т.с.с.) шаңсорғышпен тазаламаңыз.
- Жанып немесе тұтанып жатқан, мысалы шылым, от алдырғыш немесе ыстық күл тәрізді заттарды шаңсорғышпен тазаламаңыз.
- Шаңсорғышты май негізінде жасалған бояу, бояу сұйылтқыш, құрт-құмырсқаны жоятын заттардан шығатын бу не тозаң толы жабық бөлмеде, тұтанғыш шаң немесе басқа да жарылғыш не улы заттар бар ортада қолданбаңыз.

## Орнату

- Қабырғалық аспа құралды орнатуға қатысты қиындық туындаса, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- \* Қабырғалық аспа құралды орнатпау нәтижесінде жарақат алсаңыз не құрылғы бұзылса, оған компенсация жасалмайды.

## Қуат туралы

### ЕСКЕРТУ

- Қабырғалық аспа құралды орнатқан кезде, батарея зарядтағышқа артық күш салып майыстырмаңыз және батарея зарядтағыштың үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
  - Әйтпесе, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Қуат ашасының істікшесі немесе түйіспелерінде шаң, су, т.б. болса, оларды мұқият сүртіңіз.
  - Әйтпесе, дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін немесе электр қатері болуы мүмкін.
- Қуат сымын тым қатты тартпаңыз және оны су қолмен ұстамаңыз.
- Қабырғалық аспа құралды кернеуі сәйкес келмейтін қуат көзіне қоспаңыз. Қабырғалық аспа құралды көп аша сұғылатын розеткаға немесе розеткалар блогына қосуға болмайды. Батарея зарядтағышты еденге төсеменіз. Сымды қабырғаға жақын жерге іліп қойыңыз.
  - Әйтпесе, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Зақымданған ашаны, батарея зарядтағышты немесе босап тұрған розетканы қолданбаңыз.
  - Әйтпесе, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Батарея зарядтағышына зақым келсе, Samsung уәкілетті қызмет көрсету орталығы батарея зарядтағышты жаңа батарея зарядтағышқа ауыстыруы керек.
  - Әйтпесе, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.

## Жұмыс істеу

### ЕСКЕРТУ

- Шаңсорғыштың зарядтағыш түйіспесіне немесе қабырғалық аспа құралға тіс шұқығыш, металл бұрағыш, шанышқы, пышақтар т.б. сияқты зат тигізуге болмайды.
  - Әйтпесе құрылғы бұзылуы немесе электр тоғы соғуы мүмкін.
- Қабырғалық аспа құралдың батарея зарядтағыш түйіспесінің білезік, сағат, металл шыбық, шеге, т.б. сияқты өткізгіш затқа тимеуін қадағалаңыз.

- Су немесе шырын сияқты қандай да бір сұйық заттың шаңсорғышқа немесе қабырғалық аспа құралға құйылып кетпеуін қадағалаңыз.
  - Әйтпесе, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Қабырғалық аспа құралды басқа мақсатта қолданбаңыз.
  - Әйтпесе қабырғалық аспа құралға нұқсан келуі немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тазалау кезінде сұйықтық, заттың жүздерін, істік, оттың күлін, т.б. сорғызбаңыз.
  - Әйтпесе, дұрыс жұмыс істемеуі немесе құрылғыға зақым келуі мүмкін.
- Құрылғының тұрқысын басуға болмайды не құрылғыны ұруға болмайды.
  - Әйтпесе, жарақат алуыңыз немесе құрылғыға зақым келуі мүмкін.
- Тазалау кезінде шөтке немесе ауа шығатын саңылау бітеліп қалмауға тиіс.
  - Әйтпесе, құрылғының қызып кетуіне байланысты құрылғы істен шығуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Бұл тек үйде ғана қолдануға арналған құрылғы. Бұл құрылғыны коммерциялық мақсатта, өндірістегі тазалық жұмыстары үшін немесе даланы, әсіресе тас немесе цемент беттерді тазалау үшін пайдалануға болмайды. Бильярд үстелдерінің үстіндегі не айналасындағы бордың ұнтақтарын немесе қонақ үйдің зарарсыздандыру бөлмелерін тазалау үшін пайдаланбаңыз.
  - Әйтпесе, дұрыс жұмыс істемеуі немесе құрылғыға зақым келуі мүмкін.
- Құрылғыны қыздырғыш тәрізді құрылғылардың немесе жанғыш спрей немесе тұтанғыш материалдардың қасында пайдаланбаңыз.
  - Әйтпесе, өрт шығуы немесе құрылғы деформациялануы мүмкін.
- Құрылғыны пайдалану алдында сүзгілердің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
  - Әйтпесе, шаң негізгі корпус ішіндегі қозғалтқышқа кіруі және құрылғыға зақым келтіруі мүмкін. Сору қарқыны төмендеуі мүмкін.
- Газ жылыстаған немесе жанғыш бүріккіш зат пайдаланылған кезде, розетканы қолмен ұстамаңыз және желдету үшін терезені ашыңыз.
  - Әйтпесе, жарылыс не өрт шығуы мүмкін.
- Шаңсорғыштан жағымсыз дыбыс немесе түтін шықса дереу сөндіріңіз және Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Әйтпесе, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.

## ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Құрылғыны тұтанғыш материалдың қасында қолданбаңыз. Сондай-ақ төмендегідей жерлерде пайдалануға болмайды:
  - Майшам жанып тұрған жерді немесе үстел шамы қойылған еден үстін тазалау үшін қолданбаңыз.
  - Бөлме қыздырғыш қосулы бірақ қараусыз тұрған жерді не күлі сөнбеген пеш не күлсалғыш тұрған жерді тазалау үшін пайдаланбаңыз.
  - Бензин, спирт, сұйылтқыш, тұтанып тұрған темекі салынған күл салғыш, т.с.с. сияқты тұтанғыш заттар бар жерге.
- Қабырғалық аспа құралға балалардың жанасуына немесе оны итеруіне рұқсат етпеңіз.
  - Адамға жарақат келтіруі, құрылғыға немесе еденге нұқсан келтіруі мүмкін.
- Тазалау кезінде шаңсорғышты шамалы уақытқа қоя тұру керек болса, оны еденге қою керек.
  - Әйтпесе, шаңсорғыш құлап түсіп, жарақаттауы немесе құрылғыға қатты нұқсан келтіруі мүмкін.
- Құрылғыны терезенің, радиатордың, дәретхананың, жуынатын бөлменің т.б. жанында зарядтамаңыз.
- Шаңсорғышты пайдаланып болғаннан кейін оны қабырғалық аспа құралға бекіту керек немесе еденге абайлап қою қажет.
  - Әйтпесе, шаңсорғыш құлап кетіп, адамды жарақаттауы немесе құрылғыға қатты нұқсан келтіруі мүмкін.
- Шаңсорғышты қабырғаға немесе үстелге сүйеп қоюға болмайды.
- Шаңсорғышты оның арналған мақсатынан басқа мақсатта қолданбаңыз. (Балалардың шаңсорғыштың үстімен жүруіне немесе ойнауына рұқсат етпеңіз).
  - Адамды жаралануы немесе құрылғыға нұқсан келуі мүмкін.

- Қабырғалық аспа құралды розеткаға қосу немесе суыру алдында құрылғыны өшіріңіз және қуат ашасының істікшесінің қолыңызға тиіп кетпеуін қадағалаңыз.
  - Әйтпесе, өрт немесе электр қатері болуы мүмкін.
- Дымқыл шөткені пайдаланған кезде оның үстіңгі жағын қатты басып кетпеңіз.
  - Әйтпесе, құрылғыға немесе еденге зақым келуі мүмкін.
- Шаңсорғышты пайдаланған кезде қозғалатын немесе айналмалы бөлшектер жарақаттамау үшін абай болыңыз.
  - Шаңсорғыштың шөткесіне дене мүшелерінің (шаш, т.б.) сорылып кетпеуін қадағалаңыз.
- Қабырғаны не төбені тазалаған кезде, екі қолмен жұмыс істеу қажет.
- Шаңсорғышты екі қолмен тазалау керек. Егер бір қолмен тазаласаңыз, қолыңыздың буынына зақым келтіріп, шаңсорғышқа нұқсан келтіруіңіз немесе жарақат алуыңыз мүмкін.
- Шаңсорғышты жинау барысында, тұтқаның бүктелген қозғалысы кезінде саусақтарыңызды қыстырып немесе қолыңызды жаралап алмаңыз.
- Шаңсорғышты оңай сызат түсетін заттарды (монитор, тот баспайтын темірден жасалған тұрмыстық құрылғылар, т.б.) тазалау үшін пайдаланбаңыз.
- Шаңсорғышты автокөліктің ішінде сақтауға болмайды.
- Шаңсорғышты пайдалану кезінде оны сумен жуып тазалауға болмайды.
- Шаңсорғышты тек құрғақ жерлерде ғана пайдаланыңыз.
- Шаңсорғышты дымқыл жерде не суда пайдалануға болмайды.
- Шаңсорғышты төгілген сусынды немесе үй жануарларының зәрі мен нәжісін тазалау үшін пайдалануға болмайды.
- Шаңсорғышты күн сәулесі тура түсетін немесе өте ыстық жерде пайдалануға болмайды.

## Күтіп ұстау

### ⚠ ЕСКЕРТУ


- Шаңсорғыштың ішінен бөгде заттарды алып шыққан кезде әуелі шаңсорғышты өшіру қажет.
  - Шаңсорғыш қосылып тұрғанда оның ішіндегі бөгде заттарды алсаңыз, жарақат алуыңыз немесе шаңсорғышқа нұқсан келуі мүмкін.
- Құрылғының сыртын тазалағанда, алдымен құрылғыны өшіріңіз және содан кейін оны құрғақ сүлгімен сүртіңіз. Құрылғыға су тура шашпаңыз немесе бензин, сұйылтқыш не спирт тәрізді тұтанғыш заттармен сүртпеңіз.
  - Құрылғыға су кірсе немесе ақау пайда болса, құрылғыны өшіріңіз және Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғыны розеткадан суырғаннан кейін қабырғалық аспа құралды тазалаңыз.
- Жууға болатын бөліктерін тазалаған кезде, сілтілік жуғыш заттарды, қышқылды, өнеркәсіптік жуғыш заттарды, ауа сергіткіштерді, сірке суы қышқылдарын пайдаланбаңыз.
  - Әйтпесе, пластик заттардың сынуы, деформация, өңсіздену, баспа бояуының нашарлауы, т.б. тәрізді өнім зақымдары пайда болуы мүмкін.

| Жууға болатын бөліктері     |                           | Шаң сауыты, жуылатын микро сүзгі, ультра жұқа шаң сүзгісі, металл торкөз сүзгі, құрғақ шүберек |
|-----------------------------|---------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қолдануға болатын жуғыш зат | Бейтарап                  | Ыдыс-аяқ жуғыш зат                                                                             |
| Тыйым салынған жуғыш зат    | Сілті                     | Сұйық оттегі, зең тазалағыш, т.б.                                                              |
|                             | Қышқыл                    | Парафин майы, эмульгатор, т.б.                                                                 |
|                             | Өнеркәсіптік тазалағыштар | NV-I, PB-I, Опти, спирт, ацетон, бензол, сұйылтқыш, т.б.                                       |
|                             | Ауа сергіткіш             | Бүріккіш спрей ауа сергіткіштері (кофенің хош иісі, жасыл шөп, т.б.)                           |
|                             | Майлар                    | Жануар майлары, көкөніс майлары                                                                |
|                             | т.б.                      | Тағамға қолдануға болатын сірке қышқылы, сірке суы, кристалл сірке қышқылы, т.б.               |

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қабырғалық аспа құралда тұрған шаңсорғышты итеруге болмайды.
  - Адам жарақат алуы, еденге немесе құрылғыға нұқсан келуі мүмкін.

# Бөлшектердің атаулары



- |                                        |                                    |
|----------------------------------------|------------------------------------|
| 01 Түтік                               | 11 Батарея деңгейінің индикаторы   |
| 02 Шаң сауыты                          | 12 Батареяны босату түймесі        |
| 03 Металл торкөз сүзгі                 | 13 Түтікті босату түймесі          |
| 04 Жуылатын микро сүзгі                | 14 Шөткені босату түймесі          |
| 05 Ультра жұқа шаң сүзгісі             | 15 Шаңсорғышты зарядтау бөлігі     |
| 06 Шаң жинайтын сауытты босату түймесі | 16 Керек-жарақтарға арналған қалта |
| 07 Дисплей                             | 17 Батарея зарядтағыш              |
| 08 Қуат (⏻) түймесі                    |                                    |
| 09 Сору қуатын басқару түймесі         |                                    |
| 10 Тұтқа                               |                                    |

※ Батарея сипаттамасы

VS20T75\*\*\*\* сериялары : Литий йон 21,9 В, 2850 мА-сағ, 6 ұя

VS15T70\*\*\*\* сериялары : Литий йон 21,6 В, 1800 мА-сағ, 6 ұя

※ Бұл екі батарея бір-біріне сәйкес келмейді.

# Қажет-құралдар

Қажет-құралдар үлгілерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.



Түтік



Баппен тазалайтын шөтке



Турбо шөтке



Кіші моторлы қондырма




Құрама қондырма




Кеңейткіш саңылау қондырмасы



Икемді қондырма




Дымқыл шөтке /  
Көп рет пайдаланылатын дымқыл  
сүрткіш



Бір рет пайдаланылатын дымқыл  
сүрткіш / Жапсырылатын сүрткіш




Батарея



Қабырғалық аспа құрал  
(Бұрандалар: 2 EA /  
Бұрандалы анкерлер: 2 EA)



Батарея зарядтағыш





Пайдаланушы нұсқаулығы

# Қабырғалық аспа құралды орнату

## ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қабырғалық аспа құралды қатты бетон қабырғаға орнатыңыз.
  - Егер құрылғы ағаш немесе гипсті картон қабырғаға орнатылса, ол құлап кетуі мүмкін.

## Қабырғалық аспа құралды құрастыру



- Қабырғалық аспа құралды бөлшектеу үшін қадамдарды кері ретпен орындаңыз.

## Қабырғалық аспа құралды орнату




- 01 Қабырғалық аспа құралдың үстіңгі бөлігін еденнен 113 см қашықтықта орналастырыңыз.
- 02 Қабырғалық аспа құралды пайдаланып тұрып, үстіңгі және астыңғы бұрандалар орнатылатын тесік орындарын белгілеп алыңыз.
- 03 6 мм бұрғымен тереңдігі 50 мм тесіктерді бұрғылап, бұрандалы анкерлерді тесікке салыңыз.
- 04 Қабырғалық аспа құралды жинақпен берілген бұрандалардың көмегімен бекітіңіз.
- 05 Қабырғалық аспа құралды тоққа қосыңыз, шаңсорғышты қабырға бекіткішке орнатыңыз және батарея индикаторының деңгейінің көрсетілгенін тексеріңіз.



\* Қабырғалық аспа құралды орнату туралы толық ақпарат қажет болса, QR кодын қараңыз.


# Шаңсорғышты пайдалану

## Қабырғалық аспа құралды қолдану



### Зарядтау

- \* Батареяның артқы жағының шаңсорғыштың зарядтау бөлігіне дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.
- \* Зарядтау кезінде батарея деңгейі индикаторының жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- \* Зарядталып тұрған кезде батарея деңгейінің индикаторы жыпылықтайды. Зарядтап болған уақытта индикатордың жыпылықтағаны тоқтап, жарығы күңгірттене түседі.



### Керек-жарақтарды сақтау

#### Қабырғалық аспа құрал

- \* Керек-жарақтарды сақтау үшін бөлшектеген кезде шаңсорғыштың соратын бөлігінен шаң шығуы мүмкін.
- \* Тазалағаннан кейін MAX режимінде 10 секунд жұмыс істеңіз.

#### Үстелге арналған зарядтағыш


- \* Керек-жарақ ұстағыштарын шығарғаннан кейін үстелге арналған зарядтағышты үстелге қойыңыз және суретте көрсетілгендей керек-жарақтарды ұстағыштарға кигізіңіз.
- \* Егер Extension Crevice Tool (кеңейткіш саңылау қондырғысы) бірінші салынса, керек-жарақ ұстағыштарды оңай жинауға болады.

## Батареяны зарядтау

- \* Батарея деңгейі индикаторы ең төменгі көрсеткіште тұрып жыпылықтаса (  ) батареяны зарядтаңыз.
- \* Шаңсорғышты зарядтағанда, қабырғалық аспа құралдың қосылым бөлігінің дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- \* Шаңсорғыш зарядталып тұрған кезде пайдалануға болмайды.


### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Батареяны шығарардан бұрын құрылғыны өшіріп қою керек. (Шаңсорғыш жұмыс істеп тұрғанда батареяны күшпен суырып алса, шаңсорғыш дұрыс жұмыс істемейді.)
- Батареяны түсіріп алмау үшін абай болыңыз. Егер осылай істесеңіз, жарақат алып немесе батареяға нұқсан келуі мүмкін.




### Батареяны алу

Батареяны шығару үшін тұтқаның артқы жағындағы батареяны босату түймесін басыңыз.



### Батареяны қайта орнату

Батареяны сырт еткен дыбыс естілгенше итеріңіз.






### Үстелге арналған зарядтағышпен зарядтау

- Батареяны үстелге арналған зарядтағышпен зарядтаңыз.
- Батареяны мықтап итеріңіз.
- Зарядтау кезінде батарея деңгейі индикаторының жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.

## Шаңсорғышты пайдалану

Шөтке кілем, төсеніш, төсек жабдықтары т.б. тәрізді заттарға жабысып қалса немесе дұрыс айналмаса, шаң сору қуатын 'MIN' немесе 'MID' режиміне қойыңыз.



### Қуат (⏻) қосу / сөндіру

Қуат түймесін басқан кезде шаңсорғыш 'MID' режимінде жұмыс істей бастайды.

- Дымқыл шөткені құрастырғаннан кейін жұмыс 'ДЫМҚЫЛ' режимінде басталады.

### Шаң сору қуатын басқару

Шаңсорғыштың шаң сору қуатын басқаруға болады.

- + түймесі: Шаң сору қуатын арттырады.
- - түймесі: Шаң сору қуатын төмендетеді.

\* Шаң сору қуатын басқару түймесі ДЫМҚЫЛ режимінде жұмыс істемейді.

### Дисплейді тексеру

**01** Бітелген: Шаң сауыты, түтік немесе шаң сору бөлігі бітелгенде

**02** Айналдыру шөткесі істемей қалған: Айналдыру шөткесін бөгде заттар бітеп тастаған

\* Қозғалтқышты қатты қызудан сақтайтын құрал іске қосылса, "айналдыру шөткесі істемей қалған дисплейі" қосылмайды.

**03** Сүзгі жоқ: Жуылатын микро сүзгі дұрыс құрастырылмаған кезде


**04** Шаң сору қуаты: Қазіргі шаң сору қуатын көрсетеді.

**05** Дымқыл шөткені тазалау режимі: Дымқыл шөтке орнатылып тұрғанда

\* Егер **01, 02** немесе **03** үстіндегі дисплей бірнеше рет жыпылықтаса және шаңсорғыш жұмыс істеуін тоқтатса, осы нұсқаулықтың қызмет көрсету тарауына назар аударып, әрекет жасаңыз.

## Қажет-құралдар пайдалану

Егер шаңсорғыш айналдыру шөткесі жұмыс істемей тұрған кезде қосылып тұрса, шөткенің артық күшпен жұмыс істеп жатпағанын немесе оны бөгде заттар бітемегенін тексеріңіз. (Осы нұсқаулықтың ақаулықты түзету тарауын қараңыз.)





### Қажет-құралдарды ажырату

- Түтікті ажыратқан кезде, түтіктің артқы жағындағы босату түймесін басыңыз.
- Керек-құралдарды ажыратпас бұрын, керек-жарақтарда қалған бөгде заттарды кетіру үшін MAX режимінде 10 секундтан артық жұмыс істеңіз.
- Шөткені ажыратқан кезде шөткенің артқы жағындағы босату түймесін басыңыз.


### Баппен тазалайтын шөтке

Еденді (ағаш және линолеум) тазалау үшін пайдаланыңыз.




### Турбо шөтке

Турбо шөткенің көмегімен үйдегі әр түрлі едендерді тазалаңыз, мұнымен кілем тазалауға да болады.




### Кіші моторлы қондырма

Төсек тазалау үшін пайдалану.




### Құрама қондырма

Перденің, жиһаздың, диванның т.с.с. шаңын тазалау үшін пайдаланыңыз.



### Кеңейткіш саңылау қондырмасы

Терезенің жақтауларындағы, бұрыштарындағы, т.б. қуыстардағы шаңды тазалау үшін пайдаланыңыз.



### Икемді қондырма

Төбе немесе жиһаздың үсті не артқы жақтары сияқты қол жетуі қиын жерлерді тазалау үшін пайдаланыңыз.

#### ЕСКЕРТПЕ

- Икемді қондырманы Құрама қондырма мен Кеңейткіш саңылау қондырмасына жалғауға болады.



## Дымқыл шөтке

Дымқыл сүрткішті (ағаш және линолеум) тазалау үшін пайдаланыңыз.

- \* Дымқыл шөткенің шаң сору функциясы жоқ.
- \* Дымқыл сүрткішті орнатқанда, сүрткіштің айналмалы дискінің ортасында тұрғанына көз жеткізіңіз.

**Көп рет пайдаланылатын ылғалды сүрткішті пайдалану**

Көп рет қолданылатын дымқыл сүрткішті айналмалы дискіге бекітіңіз.

**Бір рет пайдаланылатын ылғалды сүрткішті пайдалану**

1 Сүрткішті айналмалы дискіге бекітіңіз және 2 оған бір рет қолданылатын дымқыл сүрткішті бекітіңіз.

- \* Бір рет қолданылатын дымқыл сүрткішті қолданғанда, бекітілетін сүрткіштің бағытының дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. Жабысқақ жағы - алдыңғы жағы.
- \* Бір рет қолданылатын дымқыл сүрткішті қолданғаннан кейін тастаңыз.
- \* Егер қосылатын сүрткішсіз бір реттік дымқыл сүрткішті пайдалансаңыз, тазалау нәтижесі нашарлауы мүмкін.

# Шаңсорғышқа күтім көрсету




\* Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін QR кодын қараңыз.


## ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Шаңсорғышты тазалау алдында сөндіру керек.
- Шаң сауыты немесе сүзгі шаңға толған кезде, қозғалтқышты қатты қызудан сақтайтын құралдың арқасында шаңсорғыш жұмыс істеуін тоқтатады.
- Шаң сауытын немесе сүзгіні әбден толып кетерден бұрын тазалау қажет (Ең жоғары белгісі).


## Шаң жинайтын сауытты босатқан кезде




## Шаң сауытының шаңын бұрқыратпай тазалау




## Шаң сауытын босату және тазалау




1 Шаң жинайтын сауытты босату түймесін басқаннан кейін, 2 шаң жинайтын сауытты меңзер бағытымен тартып алып шығыңыз.



Жуылатын микро сүзгінің ішкі тұтқасын ұстап тұрып жуылатын микро сүзгіні алып шығыңыз.




1 Түймені басып тұрып, 2 шаң сауытының қақпағын бұрап 3 шаң сауытынан алыңыз.




Құрама қондырманың көмегімен металл торкөз сүзгідегі шаң сауытын алыңыз.


\* Темір тор сүзгіге жапсырылған резеңкені тартпаңыз.




Шаң жинайтын сауытты босатып болғаннан кейін тазалап, көлеңкеде құрғатыңыз.



Шаң сауытындағы ойыққа босату түймесін сай келтіріп қойып, шаң сауытының қақпағын қайта салыңыз.



Жуылатын микро сүзгіні шаң сауытының қақпағына орнатыңыз, суретте көрсетілгендей алдымен сүзгіні шаң сауыты қақпағының тетігіне салыңыз.





Шаң сауытын суретте көрсетілгендей шаңсорғышқа орнатып, сырт еткен дыбыс естілгенше итеріңіз.



## Сүзгіні тазалау

- Сүзгі жақсы жұмыс істеу үшін сүзгіні шаңнан жиі арылтып, айына бір рет сумен тазалаңыз.
  - Тазалағаннан кейін қолдану алдында көлеңкеде 24 сағаттан артық құрғатыңыз.

## Жуылатын микро сүзгі




## Ультра жұқа шаң сүзгісі




\* Құрастыру кезінде сүзгіні құлып белгісінің астындағы сызықша көрінбей қалғанша айналдырыңыз.

## Қажет-құралдарды тазалау


### Кіші моторлы қондырма



### Кеңейткіш саңылау қондырмасы / Түтік



## Баппен тазалайтын шөтке




### ЕСКЕРТПЕ

- Шөткеге басқа зат жабысып қалса, дымқыл шүберекпен немесе құрғақ шүберекпен тазалаңыз.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Шаң соратын бөлік пен айналатын шөткені сумен тазаламаңыз.
- Жұмсақ шөткені төгілгін сұйықтық және жануардың нәжісі тәрізді заттарды тазалау үшін қолданбаңыз.

## Турбо шөтке




- Бөгде заттар алынбаса, оларды қайшымен қиыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Шүберек немесе басқа заттар сорылып кетіп, айналатын шөткеге (барабан) оратылып қалса, айналатын шөткенің жұмысы шөткенің қозғалтқышын қорғау үшін тоқтайды. Шөткені тазалап болғаннан кейін қуатты сөндіріп, қайта қосыңыз.
- Тазалап болғаннан кейін шөтке жұмыс істемесе, қуатты сөндіріп, қайта қосыңыз.
- Шөткені тазалау барысында саусақтарыңызды шөткенің қатпарларына қыстырып алмау үшін абайлаңыз.

## Дымқыл шөтке



### ЕСКЕРТПЕ

- Егер Жұмсақ шөткені, Турбо шөткені және Дымқыл шөткені тазалағаннан кейін де айналдыру шөткесі жұмыс істемесе, шөтке қозғалтқышын қатты қызудан сақтайтын құралы іске қосылып тұруы мүмкін. Қозғалтқышты салқындатып, қайтадан іске қосу үшін 30 минут немесе одан көп күтіңіз.

# Ескертпелер мен ескертулер

## Батареяны пайдалану

### ЕСКЕРТПЕ

- Батареяны зарядтағаннан кейін шаңсорғыш жұмыс істемесе, батареяны ауыстырыңыз. Жаңа батарея салғаннан кейін де жұмыс істемесе, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Samsung қызмет көрсету орталығынан батарея сатып алғанда, батареяға Samsung фирмалық логотипінің (**SAMSUNG**) жапсырылғанын және батареяның атауын тексеріңіз (VS20T75\*\*\*\* сериялары: VCA-SBT90 / VS15T70\*\*\*\* сериялары: VCA-SBT90E).

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Батареяны не қабырғалық аспа құралды бөлшектеуге болмайды.
- Батареяны қызу әсеріне ұшыратуға және батареяны отқа қоюға болмайды.
- Бұл батарея осы құрылғыға ғана арналғандықтан, оны басқа электрондық құрылғыларға салмаңыз немесе басқа мақсатта қолданбаңыз.
- Жұмыс кезінде батареяны алсаңыз, құрылғыға нұқсан келуі мүмкін.
- Шаңсорғыштың қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған кезде батареяны алсаңыз, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, батареяны қайта орнатқаннан кейін ол 30 секунд істемеуі мүмкін.
- Батареяны пайдалану уақыты артқан сайын батареяны зарядтау уақыты мен пайдалану уақыты қысқаруы мүмкін. Батарея зарядталмаса немесе тез таусылып қала берсе, таусылған батареяның орнына жаңасын салыңыз.
- Өндірушіден алған қабырғалық аспа құрал мен батареяларды ғана қолданыңыз.
- Батареяны орнату алдында оның дұрыс бағытта салынғанын тексеріңіз.
- Тоғы таусылған батареяны тастаған кезде, оны батареяны қайта өңдеу үшін жинайтын қорапқа салыңыз.
- Шаңсорғышты ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, батареяны шаңсорғыштан ағытыңыз.
- Батареяны шаңсорғышқа орнатқан кезде сырт еткен дыбыстың естілуін күтіңіз. Бұл батареяның мықтап орнатылғанын білдіреді.
  - Әйтпесе батарея құлап, құрылғыға нұқсан келтіруі немесе адамды жарақаттауы мүмкін.

- 
- Батареяны құлатып немесе кенет соғып алмаңыз.
  - Батареяны қайта орнатпаңыз және оң (+) және теріс (-) ағытпалардың арасында қысқа тұйықталудың болмауын қамтамасыз етіңіз.
  - Шамадан тыс көп іске қосқанда не температура әсер еткенде, батарея ұяшығынан сұйық ағуы мүмкін. Аққан сұйық теріңізге тисе сумен дереу жуыңыз. Сұйықтық көзіңізге тамса, таза сумен дереу кем дегенде 10 минут бойы шайыңыз. Дәрігерлік көмек алыңыз.
  - Қозғалтқыш пен батареяны қорғау үшін шаңсорғышты 5 °C градустан төмен немесе 45 °C градустан жоғары температура жағдайларында пайдалануға болмайды.

## Пайдалану

---

### ЕСКЕРТПЕ

- Шөткеге шамадан тыс күш салынғанда немесе айналатын шөткеге (барабанға) бөгде зат түсіп кетсе, моторды немесе құрылғыны қорғау үшін шөтке жұмыс істемеуі мүмкін. Шаңсорғышты сөндіріп, бөгде затты алып, содан кейін шаңсорғышты қайта қосыңыз. Егер шаңсорғыш іске қосылмаса, сөндіріңіз де, қайта қосыңыз.
- Үйдегі ылғал, температура немесе еден материалы т.с.с. байланысты статикалық электр тоғы пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдай қайталанса, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Батареяны толық зарядтаңыз.
  - Жаңадан сатылып алынған батареяны ең алғаш рет пайдалану алдында немесе батареяны ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде.
  - Батарея деңгейі индикаторы ең төменгі көрсеткіште тұрып, жыпылықтаған кезде.
- Шаңсорғышты ұзақ уақыт пайдаланбағанда немесе үйден ұзақ уақытқа кететін кезде, қабырғалық аспа құралды розеткадан суырып, содан кейін батареяны қабырға бекіткіштен ажыратыңыз. Батарея зарядталмай немесе пайдаланылмай тұрғанда, батарея заряды біртіндеп азаяды.
- Батарея деңгейі төмен болғанда оны зарядтаңыз. Егер батарея деңгейі ұзақ уақыт бойы төмен қалыпта болса, батареяның жұмыс өнімділігін төмендетуі мүмкін.
- Дымқыл шөткенің бірнеше рет қолданылатын сүрткішін сабынды пайдаланып, қолмен жуыңыз.

- 
- Егер дымқыл сүрткішке қызу немесе жұмсартқыш зат әсер етсе, оған өзгеріс еніп, құрылғының жұмысы төмендеуі мүмкін.
  - Көп рет пайдаланылатын сүрткішті кір жуғыш машинамен жууға болады. Дегенмен, егер оны қайнатса, сүрткішке өзгеріс енуі немесе оның түсі өзгеруі және құрылғының жұмысы төмендеуі мүмкін.
  - Дымқыл шөтке үшін тек түпнұсқа Samsung Electronics дымқыл сүрткішін пайдаланыңыз.
  - Дымқыл шөткені дымқыл сүрткішсіз қолданған жағдайда, кез-келген өнім ақаулығына кепілдік берілмейді және көрсетілетін қызмет ақылы болады.
  - Қосымша көп рет пайдаланылатын дымқыл сүрткіш сатып алсаңыз, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Қосымша бір рет пайдаланылатын дымқыл сүрткіш сатып аларда үлгі нөмірін VCA-SPA90 тексеріңіз.

#### АБАЙЛАҢЫЗ

- Шөткенің ішіндегі айналатын шөтке (барабан) жұмыс істеп тұрғанда, шөткені қолмен ұстамаңыз.
  - Әйтпесе, қолыңыз тұрып қалып, жарақаттануыңыз мүмкін.
- Дымқыл шөткені пайдаланбас бұрын, дымқыл сүрткішті ағытып, оған су құйыңыз да, оны айналмалы дискіге қайта орнатыңыз.
- Шаңсорғышты оңай сызат түсетін заттарды (теледидар және монитор экраны т.б.) тазалау үшін пайдаланбаңыз.

---

## Қызмет көрсету

---

### ЕСКЕРТПЕ

- Кейде шөткенің дөңгелегі еденге сызат түсіруі мүмкін. Шаңсорғышты пайдалану алдында шөткенің дөңгелегінің қандай күйде екенін тексеріңіз.
  - Шөткенің дөңгелегінде оңай алынбайтын бөгде зат бар болса, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Егер дымқыл шөткенің ішкі бөлігін үлкен бөтен заттар бітесе, айналдыру жылдамдығы азаяды немесе тоқтайды.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Шаңсорғышты ұзақ уақыт күннің астына қойса, шаңсорғыш бөлшектерінің пішіні бұзылуы немесе түсі оңуы мүмкін. Сондықтан шаңсорғыштың бөлшектерін тазалағаннан кейін оларды көлеңке жерде құрғатыңыз.
- Шаңсорғыштың шөткесін сумен тазаламаңыз. Сумен тазалағанда шөткенің түсі кетуі немесе пішіні бұзылуы мүмкін.
- Қабырғалық аспа құралды тазалардан бұрын қабырға бекіткішін розеткадан суыру қажет.
- Батареяның шаң сору қарқыны үздіксіз төмендесе немесе шаңсорғыш әдеттен тыс қатты қызса, ультра жұқа шаң сүзгісін ауыстырыңыз.

# Ақаулықты түзету

Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу алдында, мәселені талдап, төмендегі шешімдерді қарап шығыңыз. Ұсынылған шешімдердің біреуі де мәселені шешуге көмектеспесе, [www.samsung.com](http://www.samsung.com) сайтымызға кіріңіз немесе Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Егер ақау табылмаса, шалған қоңырауыңыз үшін ақы төлейтініңізді ескеріңіз.

| Ақаулықтар                                                                   | Шешу жолдары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Шаңсорғыш жұмыс істемейді.                                                   | <ul style="list-style-type: none"> <li>Батарея деңгейін тексеріңіз және батареяны зарядтаңыз.</li> <li>Құрылғының сөндірулі тұрғанын тексеріңіз де, тоққа қосу үшін қуат түймесін басыңыз.</li> <li>Шаң жинайтын сауыттың немесе түтіктің бітеліп қалмағанын тексеріңіз.</li> <li>Жуылатын микро сүзгінің дұрыс орналастырылғанын тексеріңіз.</li> <li>Шаңсорғыш ұзақ уақыт пайдаланылмаған болса, батареясын зарядтаңыз.</li> <li>Батареяның қуаты біткен кезде, батареяны ауыстырыңыз.</li> </ul>                                                                                               |
| Сору қуаты кенет азайып, шаңсорғыштан діріл естіледі.                        | <ul style="list-style-type: none"> <li>Шөткені, шаң сауытын немесе түтікті бөгде заттардың бітеп тастамағанын тексеріңіз де, оларды алып тастаңыз.</li> <li>Түтік пен шаң сауытына шаң толып кетпегеніне көз жеткізіңіз. Толып тұрса, оны тазалаңыз.</li> <li>Сүзгінің таза екенін тексеріңіз. Таза болмаса, сүзгіні тазалаңыз.</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                                                        |
| Шаңсорғышты зарядтауға болмайды.                                             | <ul style="list-style-type: none"> <li>Қабырғалық аспа құралдың берілген кернеудің қабырға бекіткіштің параметрлеріне сай екеніне көз жеткізіңіз.</li> <li>Шаңсорғыштың қосұлы екенін тексеріңіз де, содан кейін батарея деңгейі индикаторының жарық диодының жанып тұрғанын тексеріңіз.</li> <li>Зарядтау түйіспесінде бөгде заттың (шаң) бар-жоғын тексеріңіз. Кез келген бөгде затты мақта таяқшасымен немесе жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.</li> </ul>                                                                                                                                          |
| Шөткенің ішіндегі айналатын шөтке (барабан) жұмыс істемейді.                 | <ul style="list-style-type: none"> <li>Айналатын шөткенің кептеліп қалғанын көрсететін дисплей қосылғанда шаңсорғышты өшіріп, шөткеге бөтен заттар кептеліп қалмағанын тексеріңіз. Бөгде затты алып, содан кейін шаңсорғышты қайта қосыңыз.</li> <li>Шаңсорғыштың тоққа қосұлы екенін тексеріңіз де, содан кейін оны қайта өшіріп, тоққа қосыңыз. <ul style="list-style-type: none"> <li>Жұмсақ шөтке, Турбо шөтке және Дымқыл шөтке үшін егер шөтке қозғалтқышын қатты қызудан сақтайтын құрал қосылса, қозғалтқышты салқындату үшін шамамен 30 минут қажет болуы мүмкін.</li> </ul> </li> </ul> |
| Шаңсорғыштың ауа шығатын саңылауынан немесе сүзгісінен иіс шығады.           | <ul style="list-style-type: none"> <li>Шаң жинайтын сауытты босатып, сүзгіні жиі тазалап отырыңыз. <ul style="list-style-type: none"> <li>Шаңсорғыш жаңа құрылғы болғандықтан, сатып алғаннан кейінгі алғашқы 3 айда оның шамалы иісі болуы мүмкін.</li> <li>Шаңсорғыш жиі пайдаланылған кезде, шаң сауытына жиналған қоқыс немесе сүзгіден иіс шығуы мүмкін.</li> </ul> </li> <li>Қосалқы сүзгілерді жергілікті Samsung қызмет агенттерінен алуға болады.</li> </ul>                                                                                                                             |
| Тазалау жұмысы аяқталғаннан кейін де шөткеден аздаған шаң қалдықтары шығады. | <ul style="list-style-type: none"> <li>Тазалап болғаннан кейін шаң қалдықтарын сорғызу үшін шаңсорғышты 10 секунд немесе ұзағырақ қосыңыз.</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |

| Ақаулықтар                                                           | Шешу жолдары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|----------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Шаңсорғыш тазалау кезінде жұмысын тоқтатады.                         | <ul style="list-style-type: none"> <li>Бұл өнім шөтке қозғалтқышын қатты қызудан сақтайтын құралмен жабдықталғандықтан өнім келесі жағдайларда уақытша жұмыс істеуін тоқтатады. <ul style="list-style-type: none"> <li>Шаң сауыты толған шаңсорғышты іске қосқанда.</li> <li>Шаңсорғыш шаң сору бөлігі немесе шөтке бітелген кезде жұмыс істесе.</li> <li>Кеңейткіш саңылау қондырмасы ұзақ уақыт бойы пайдаланылғанда.</li> </ul> </li> <li>Осы мәселелерді тексергеннен кейін біраз уақыт өткен соң шаңсорғышты қайта қосыңыз. (Бұл жағдай қоршаған ортаның температурасына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.)</li> </ul> |
| Қалың және жұмсақ төсенішті тазалағанда статикалық тоқ пайда болады. | <ul style="list-style-type: none"> <li>Төсеніштің материалы (балалар орталығының төсеніші, этаждар арасындағы шуылды бөгеуге арналған т.б. төсеніштер) статикалық тоқ пайда болдыруы мүмкін. <ul style="list-style-type: none"> <li>Шөткені кәдімгі еден үстінде біраз жылжытып, қайта тазалаңыз, сонда статикалық тоқ жойылуы керек.</li> </ul> </li> </ul>                                                                                                                                                                                                                                                               |

|         |                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|---------|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазақша |  | Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады. |
|         |  | Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.                                                                                                         |

## Аталған өнімді дұрыс пайдалану

### (Электр қуатын шығындау және Электрондық жабдық)

#### (Жеке қоқыс жинайтын жүйесі бар елдерге қатысты)

Өнімдегі, аксессуардағы немесе нұсқаулықтағы бұл таңбалау өнімді және оның электрондық аксессуарларын (мысалы, қуат беру құрылғысын, құлаққаптың, USB кабелін), олардың қызмет ету мерзімі өткен соң, үйде басқа мақсатта пайдалануға болмайтындығын білдіреді. Қалдықтардың бақыланбайтын пайдаланылуынан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына зиян келтірудің алдын алу үшін бұл заттарды басқа қалдық түрлерінен бөлек алып қойыңыз және оларды материалдық ресурстарды екінші рет пайдалану үшін қолданыңыз.

Үйде пайдаланушылар экологиялық қауіпсіз түрде қайта өңдеу үшін осы өнімді қай жерден және қалай алуға болатынын анықтау мақсатында, осы өнімді сатып алған жердегі ретейлермен немесе оның жергілікті кеңсесімен хабарласуы тиіс.

Іскерлік пайдаланушылар сату-сатып алу шартының талаптары мен ережелерін тексеру үшін өзінің жабдықтаушысымен хабарласуы тиіс. Осы өнім және оның электрондық аксессуарлары жойылатын басқа пайдаланған қаптамалармен араласып кетпеуі тиіс.



ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

| Үлгі        | Қуат күші<br>(Вт) | Қуатты<br>тұтыну (Вт) | Вольтаж (В) | Жиілік<br>(Гц) | Салмақ (KG) |         | Өлшемдері (mm)   |                 |
|-------------|-------------------|-----------------------|-------------|----------------|-------------|---------|------------------|-----------------|
|             |                   |                       |             |                | Өнімнің     | Қаптама | Өнімнің          | Қаптама         |
| VS20T7532T1 | 200               | 550                   | 100-240     | 50-60          | 2.8         | 7.6     | 250 X 215 X 1130 | 388 x 241 x 750 |
| VS20T7536T5 | 200               | 550                   | 100-240     | 50-60          | 2.8         | 8.4     | 250 X 215 X 1130 | 388 x 241 x 750 |
| VS15T7031R1 | 150               | 410                   | 100-240     | 50-60          | 2.6         | 6.8     | 250 X 215 X 1123 | 388 x 241 x 750 |
| VS15T7031R4 | 150               | 410                   | 100-240     | 50-60          | 2.6         | 6.8     | 250 X 215 X 1123 | 388 x 241 x 750 |
| VS15T7032R1 | 150               | 410                   | 100-240     | 50-60          | 2.6         | 7.2     | 250 X 215 X 1123 | 388 x 241 x 750 |
| VS15T7036R5 | 150               | 410                   | 100-240     | 50-60          | 2.6         | 8.0     | 250 X 215 X 1123 | 388 x 241 x 750 |



**Өндіруші:** Самсунг Электроникс Ко., Лтд.  
Корея Республикасы, Кёнги-до, Сувон қаласы, Енгтонг-гу, Самсунг-ро, Мэтан Донг, №129 үй

**Өндірушінің аты және мекен-жайы:** «Самсунг Электроникс Хошимин СЕ»  
Лот I-11, D2 Жол Сайгон Hi-Tech паркі, Тан Nhon Phu B Ward, 9шы ауданы, Хошимин

**Вьетнамда жасалған**

**Қазақстан Республикасында шағымдар мен ұсыныстар қабылдайтын мекеме:**  
“SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA” (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ) ЖШС  
Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Медеу ауданы, Әл-Фараби д-лы, 36-үй, 3, 4-қабат